

Қазақ әдебиеті сабақтарында оқушының кешенді құзыреттілігін дамыту жолдары

М. Ж. Бердіғұлова

Б. Момышұлы атындағы жалпы орта гимназия мектебі,
Жетісу облысы, Панфилов ауданы, Жаркент қ.



Аңдатпа. Қарым-қатынас, ұлттық құндылықтар қоғамда маңызды рөл атқаратын қазіргі заманда әдебиетті оқу және зерттеу өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Әр мұғалім әдебиетке деген қызығушылықты қалай ояту, баланың (оқушының) көркем шығармаларды оқуға деген ниетін қалай қалыптастыру және дамыту, сондай-ақ оқуға қандай көркем шығармаларды ұсынған дұрыс екендігі туралы ойланады. Көркем шығарманы оқуға баулу мұғалімнің міндеті. Бұл мақалада адамгершілік қасиеттер мен ұлттық құндылықтар, ұрпақтардың рухани байлығы көркем шығармаларды оқу арқылы қалыптасу жолы көрсетіледі. Бүгінгі таңда білім беру саласы жаңа технологиялармен, жаңа әдістермен толықтыруда, сондықтан қазақ әдебиетін оқыту білім берудің жаңа идеяларына негізделуі тиіс. Әдебиетті оқыту жаңа сапаға ие болуы керек. Автор әдеби құзыреттілікті қалыптастырудың түсіндірмесін және жаңа мүмкіндіктерін тәжірибеде қолдануды мысал ретінде беріп отыр. Алдымен автор қазақ әдебиеті әдістемешілердің теориясын негізге алу керек екеніне назар аударды. Сол еңбектердің нәтижелері әдебиет сабағының сапасын арттыруға, оқушыны кешенді талдау негізінде ұлттық құндылықтарға баулуға, қазақ тілінің байлығын, оның көркемдеуіш құралдарының функцияларын меңгеруге, оқушының тұлғалық қасиеттерін тарихи тұлғалар бейнесі арқылы қалыптастыруға жетелейді. Бұл мақалада осы әдебиет сабағында оқушының кешенді құзыреттілігін дамыту жолдары автор қолданған жаңа құралдар арқылы көрсетіліп отыр. Коммуникативті регистр бүгінгі күнде шығармадағы кейіпкерлердің көзқарасын сомдайтын құрал болып саналады. Сол бес регистр бүгінгі күні әдеби шығармаларды ізденіп оқуға жол ашатын құрал ретінде көрсетілген (оның әдістемелік құндылығы бойынша отандық ғалым К. Н. Булатбаеваның ғылыми еңбектеріне сілтеме берілген). Оқушылар репродуктивтік, ақпараттық, генеритивтік, өкімдік, реактивтік регистрлердің мағынасын түсініп, шығармадағы регистрлерді анықтап, олардың шығарма идеясын ашудағы рөлін анықтайды. Оқу процесінің нәтижесі ретінде бір көрініс кесте түрінде берілген. Осы бір құрал мысалында оқушылардың әдебиет сабағында кешенді құзыреттілікке ие болатыны, шығарма оқуға қызығушылық туатыны дәлелденіп отыр.



Түйінді сөздер: әдебиетті оқыту, кешенді құзыреттілік, рухани-эстетикалық, ұлттық құндылықтар, коммуникативті сөйлеу регистрі



Қалай дәйексөз алуға болады / Как цитировать / How to cite:

Бердіғұлова, М. Ж. Қазақ әдебиеті сабақтарында оқушының кешенді құзыреттілігін дамыту жолдары [Мәтін] // «Білім» ғылыми-педагогикалық журналы. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2023. – №4. – Б. 56-66.

Кіріспе

Әдебиет теориясы – әдебиеттану ғылымы мен әдеби үрдістің теориялық мәселелерін, заңдылықтарын, қалыптасу және

даму тарихын, сөз өнерінің табиғатын, әдебиеттануда қолданылатын әдістерді, әдебиет теориясының әдіснамасын зерттейтін сала. Әдебиет пәні көркем әдебиетті барлық қырынан жан-жақты ашып

көрсету құралы ғана емес, ол әдеби шығармалар арқылы оқушы бойына рухани-эстетикалық құндылықтарды қалыптастырушы, білім алушыны рухани тұрғыдан байытып, адамгершілікке, ізгілікке тәрбиелеуші пән.

Әлемдік әдебиеттану ғылымында қалыптасқан дәстүр бойынша әдебиет теориясы зерттеу объектісіне байланысты төрт топқа бөлінеді. Бірінші топтың зерттеу объектілеріне өнер, мәдениет жүйесіндегі орны, жалпы әдеби шығармашылықтың тұтас болмысы, суреткер дүниетанымының эстетикалық қуаты, оның даралық талғамының шығармашылық ортақ заңдылықтармен үндесуі, әдеби шығармашылыққа бүтіндей баға беру принциптері жатса, екіншісі әдебиеттің тарихи дамуы, жанрларының, тек пен түрінің ортақ заңдылықтарының қалыптасуы және әдеби процесс (ағым, бағыт, кезең, дәуір, әдеби байланыс), көркем шығарманы талдау, қабылдау заңдылықтары, үшіншісі әдебиеттің адамзат қоғамы өміріндегі ролін, оның мән-маңызын қамтиды [1].

Қазақ әдебиеті ғылымында әдебиет теориясы туралы алғаш құнды пікірлер айтқан ғалым, әдебиеттанушы Шоқан Уәлиханов. Этнограф, тарихшы әрі мемлекет қайраткері Ш.Уәлиханов қазақ халық поэзиясының жанрлық түрлерін ғылыми негізде алғаш жүйелеген ғалым. Ол қазақ поэзиясын жыр, қара өлең, қайым өлең, жоқтау өлең сияқты жанрлық түрлерге жіктеп көрсетті. Қазақ әдебиеті саласындағы іргелі ғылыми еңбекке Ахмет Байтұрсынұлының 1926 жылы жарық көрген (одан кейін бірнеше рет қайра басылып шыққан) «Әдебиет танытқышын» жатқызамыз. Одан кейінгі кезекте әдебиеттанушы-ғалым Қажым Жұмалиевтің орта мектептер мен жоғары оқу орындарына арналған «Әдебиет теориясын» (1938 ж. және одан кейінгі жылдары қайта басылып шыққан), Есмағанбет Ысмайыловтың орта мектептерге арналған «Әдебиет теориясының мәселелері» (1940 ж.) оқулығын, сондай-ақ, кейінгі жылдарда, 1970 жылдары жарық көрген Зейнолла Қабдоловтың «Әдебиет теориясының негіздері мен Зәки Ахметовтың «Қазақ өлеңінің құрылысы» және «Өлең

сөздің теориясы» сынды еңбектерін атауымызға болады. Бұл еңбектер әдебиет теориясы жайлы пайымдауларымен өте құнды әрі қазіргі ғылыми әдебиетте де маңызын жоймаған.

Қазіргі білім беру ұйымдарында әдебиетті оқыту үрдісінде әдеби тіл туралы білім алушылар түсінігі мен құзыреттерін қалыптастыруу өте маңызды дей аламыз. Әдеби тілдің өзіндік қалыптасу, даму жолдары, кезеңдері бар екені сөзсіз. Әдебиеттегі үрдістер, көркемдік, стиль және эстетика үнемі даму үстінде болатындықтан, әдебиет теориясы да үнемі өзгеріп отырады десек болады. Көркем әдебиеттің жетістіктері негізінде жаңа бағыттар қалыптасып жетіледі. Осы ретте білім алушыларға әдеби тілдің лексикалық қабатын, сөз байлығын, әдеби тіл нормаларын, көркемдегіш құралдарын, суреттеу тәсілдерін оқыта отырып, оларды көркем мәтіннен таба білу және олардың қызметін терең түсіне білу дағдысына үйрету әдебиет пәні мұғалімінің басты міндеті деп білеміз. Аталған білім мен дағдыны жетілдіре отырып, білім алушы әдебиет арқылы функционалдық сауаттылығын дамытады. Ол дегеніміз ең алдымен сөз өнері арқылы оқушы бойында оқу құзыреттілігін қалыптастыру болып табылады.

Демек, әдеби тіліміздің суреттеу тәсілдері мен көркемдеуіш құралдарын білу, әдеби тіл нормаларынан ауытқымау – әдеби тілде сауатты сөйлеуде және жаза білуде маңызды рөл атқарады. Өкінішке орай, әдеби талдау техникасы және көркем мәтінге талдау жасау әдістемелік еңбектеріндегі бірізді жүйеліліктің болмауынан, сонымен қатар көркем мәтінге талдау жасаудың технологиясын әдебиет пәні педагогтерінің бәрі терең оқып меңгермегендіктен, мектепте әдебиетті оқытуда көркем туындыға талдау жүргізу дұрыс жолға қойылмаған. Қазіргі жаңа әдебиетті түсіндіріп беретін жаңа әдеби талдау жоқтың қасы, ал бұрынғы кеңес дәуіріндегі әдеби талдау бойынша көркем шығарманың мәнін толық аша алмаймыз. Ал көркем шығармаларды әдеби тұрғыдан талдау арқылы білім алушы шығарманың өзегіне жетіп, мәнін жете

түсінуі, өзіне керегін ала білуі қажет. Әдеби амал-тәсілдер жаңарды, жетілді, дамыды. Сол себепті әдебиетші ғалымдар мен әдебиетші әдіскерлер осыны ескеріп, әдеби талдаудың жаңа нұсқасын, әдеби құралдарды, яғни әдеби талдаудың жаңа техникасын ұсынуы, көркем мәтінмен жұмыс істеудің жаңа бағытын ұсынатын ғылыми-әдістемелік еңбектер жариялауы тиіс.

Әдебиеттен білім беруде көркем шығармаларды оқуға деген қызығушылықты оятатындай технологиялар мен әдіс-тәсілдер қолданылуы керек. Мақалада осы және басқа да мәселелер қарастырылмақ. Бұдан біз зерттеліп отырған тақырыптың өзектілігін көреміз.

Материалдар мен әдістер

Білім беру жүйесінде қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі бойынша еңбектер аз емес. Ондай еңбектердің қатарына 1960 жылдары жазылған филология ғылымдарының докторы Әуелбек Қоңыратбаев пен педагогика ғылымдарының докторы Атымтай Көшімбаевтың «Әдебиетті оқыту методикасы» оқулығын және 1997 жылы жарық көрген әдіскер-педагог Қанипа Бітібаеваның «Әдебиетті оқыту әдістемесі» оқулығын, сондай-ақ 2009 жылы жазылған әдіскер-ғалым Төкен Қонысбайқызы Жұмажанованың «Әдебиетті оқыту әдістемесі» атты монографиялық диссертациясын жатқызуға болады. Көріп отырғанымыздай, қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі ғылыми пән ретінде қалыптасқан пән. Бұл пән білім беру саласында оқу жоспарына ерте ілінгенімен, оның оқу материалдық, басазы кенжелеп келе жатқандығын жасыра алмаймыз. Жоғарыда аталған еңбектер әдебиетті оқыту мақсатында уақыт үдесінен шыққандығы сөзсіз. Алайда, бүгінгі күні оқу пәні ретінде әдебиетті оқыту білім берудің жаңа идеяларына негізделіп, жаңа технологиялармен, жаңа әдіс-тәсілдермен толығырақ түсуде. Демек, Б.Д. Жұмақаева айтпақшы: «Білім беру жүйесіндегі жаңа ізденістер мен оқытудың технологиялары әдебиетті оқытуға тың серпіліс әкеліп отыр. Ендеше әдебиетті оқытудың жүйесін қалыптасқан

дәстүр арнасында кеңейте қолдану, жаңа пайымдаулар мен психопедагогикалық интеграцияда жаңа технологияларға негіздеу қажеттігі айқындала түседі» [2].

Жалпы орта білім беретін мектептерде «Әдебиет» пәнін оқыту маңызды мәселелердің бірі. Себебі, біріншіден, техника мен технология дамыған қазіргі заманда әдеби шығармаларды оқытындар саны күн сайын азайып барады. Бұған ақын Ақерке Асанның мына сөздері де дәлел: «Қазіргі әдебиет жайлы сөз жүрегіме батады. Айтарым жоқ дегенім емес. Айтуға тұрарлық дүниелер аз емес. Алайда өз басыма қазақ әдебиетінің оқырманы тым аз боп көрінеді. Поэзияның таралымы жақсы, ал прозаға әлі күш керек, қолдау қажет» [3]. Екіншіден, әдеби көркем шығармалар мектептерде дұрыс талданбай жүр. Оған Ә.Қоңыратбаевтың «әдебиет ...бір жағынан рухани мәдениет тарихы болса, екінші жағынан образдап ойлауға құрылған, сол үшін өз ерекшелігі бар құбылыс. Көркем шығарманың ішкі ерекшеліктеріне оның нақтылы тақырыбы мен идеясы, жанрлар мен образдары, типтендіру, қиялдау, композиция мен сюжеті, тілі, суреттеу тәсілдері сияқты белгілер жатады. Біздің мектептерімізде көркем шығарманың осы ішкі заңдары мен жұмыс істеу жеткіліксіз болып жүр» [4] және академик З.Қабдоловтың «Әдебиеттік оқу сабақтарында шығармаларды оқытуда «Өлең немесе әңгімеде не туралы айтылыпты? Олар жөнінде не депті?» деген жалпы сөзуарлыққа жетелейтін тәсілден, шығарманы талдау орнына мазмұнын айтудан аса алмай, әдебиеттің сыр-сипатын, болмыс-бітімін анықтап, талдап түсіндіре алмай жүрген жайымыз бар», – деген пікірлері дәлел [5].

Білім беру жүйесіндегі кез келген пән білім алушының сол пән бойынша білімін, таным білігін қалыптастыруға әсер етеді. Алайда, әр ғылыми пән оны өз пәнінің мақсатына, өз материалының көлеміне қарай қалыптастырады. Әр пәннің өз зерттеу нысаны, өзіндік ерекшеліктері болатыны сияқты әдебиеттің де өзіндік зерттеу нысандары, өзіндік ерекшелігі бар.

Ғалым Б.Жұмақаева 2020 жылғы 1 желтоқсанда «Қазақ әдебиеті» газетінде жариялаған мақаласында: «Әдебиет – адамтану пәні, сонымен қатар, әдебиет – жан-жақты да терең ойлантатын пән. Оқушы танымы мен логикасын дамытуда әдебиет пәні жаратылыстану пәндерінен кем түспейді. Жаратылыстану пәндері сияқты тұрақты бір формула мен қағидалар, заңдылықтармен шектелмей, әдебиет пәні еркін ойдың, қиялдың дамуына жолбасшы бола алады», – деп өте тамаша айтқан [6].

Шынымен де, бұл мектеп бағдарламасындағы математика сияқты аса маңызды пәндердің бірі. Себебі әдебиет пәні тек білім беріп қана қоймайды, ол білім алушыны үнемі тәрбиелеу, ізгілендіру міндетін де атқарады. Адамға, адам тәрбиесіне қатысты мәселе қай кезеңде де ең маңызды мәселелердің бірі. Болашақ қоғамды, ел қамын ойласақ, алдымен «бесігімізді түзеуіміз» керек.

Белгілі әдіскер Қ.Бітібаева «Әдебиет – адамтану құралы» болса, әдебиет пәні – «адам тәрбиелеу құралы» деген пікір айтады [7]. Санкт-Петербург орта мектебінің әдебиет пәні мұғалімі, жаңашыл педагогі, әдіскер ғалым Е.Н.Ильин әдебиетті – адам қалыптастырушы құрал ретінде танып, әдебиет бойынша еңбектерінде әдебиет пәнін оқытудың жаңа жүйесін ұсынған болатын [8].

Адами қатынас әлсіреп, коммуникация (сөйлесім, тілдесім) азайған бүгінгі таңда әдебиет пәнін оқытуға ерекше назар аудару қажет. Себебі тек әдебиет пәні өскелең ұрпақты адам болмысын тануға үйретіп, ұлттық құндылықтарды қалыптастырып, адамгершілікке тәрбиелеп, рухани дүниесін байытады. Өзіне және өзгелерге деген сенімін, қарым-қатынасын дұрыс жолға қойып, ұлттық ділі мен рухын оятып, отаншылдық сезімін арттырады.

Көркем шығармалар оқуға бет алады, дендейді, сол арқылы рухани қуаттанады, тұлға ретінде қалыптасып шығады. Білімі бекем, рухы қуатты ұрпақ опасыздықтан ада болатынын, ешқашан жаман әрекетке бармайтынын білеміз. Демек, қазақ әде-

биеті білім беру жүйесіндегі аса маңызды пәндердің бірі де бірегейі екенін түсінсек керек. Алдымен, әдебиетші-педагог қандай құзыреттіліктерге ие болуы тиіс және білім алушы бойына қандай құзыреттер қалыптастырылуы керек деген екі мәселенің басын шешіп алғанымыз жөн.

Тәжірибелік нәтижелер

Жоғарыда айтылған әдебиеттанушы еңбектерінің нәтижелері әдебиет сабағының сапасын арттыруға, оқушыны кешенді талдау негізінде ұлттық құндылықтарға баулуға, қазақ тілінің байлығын, оның көркемдеуіш құралдарының функцияларын меңгеруге, оқушының тұлғалық қасиеттерін тарихи тұлғалар бейнесі арқылы қалыптастыруға жетелейді.

Бұл мақалада біз тек қана бір көркемдеуіш жаңа шығып жатқан құралдың оқушылардың кешенді құзыреттіліктерінің дамуына әсер еткенін, олардың зерттеу әдісімен шығарманы оқуына ықпал болғаны туралы айтпақпыз (мақала көлемінің шектелуіне байланысты).

Жетінші сынып оқушыларының әдебиеттанушылық құзыреттілігін дамыту мақсатында өткізілген ««Күлтегін» жырының тарихи және көркемдік құндылығы» атты сабақтар циклы негізінде көрсетпекпіз [9]. Шығарманың идеясын ашып, оның кейіпкерлерінің рөлдерін алдымен жан-жақты талдаймыз. Сонан соң, әдебиеттанушылық құзыреттілікті жыр жанрынан бастаймыз. Кешенді талдау тетіктері әртүрлі болады. Сол тетіктерді оқушы біліп алған жағдайда сондай әдебиеттанушылдық дағды пайда болады, кез келген шығарманы үйреткен талдау тетіктері бойынша әдебиеттануға негіздеп оқушы жіктеп талдай алатын болады. Аталған тақырыпты оқытқанда, әрине, бағдарлама бойынша жыр ұғымына тоқталамыз, жырдың композициясы туралы түсінік береміз. Композиция – әдеби шығарманың құрылысы, оның үлкенді кішілі бөлім-бөлшектерінің бір-бірі мен әртүрлі тәсілмен байланыстырылған тұтастық бірлігі. Орхон жазуларындағы оқиғаның мағыналық тұтастығы автордың шешімі

екендігін көрсету керек болады. Мысалы, Күлтегін (Кіші жазу) мәтінін оқушылар төмендегі бөліктерге жіктейді: 1) баяндаушының қарамағындағы халыққа үндеуі; 2) түркі қағанатының суреттелуі; 3) әскери жорықтар; 4) табғаш халқының араға іріткі салу әрекеттері; 5) түркі халқының өзіне тағылған кінәлары; 6) ескерткіштің қойылу себебі. Күлтегін (Үлкен жазу): 1) түркі халқының ата тегі жайында әңгіме; 2) табғаштардың түркілерді жаулап алуы; 3) Елтеріс ханның тұсында ел тұрмысының қайта өрлеуі; 4) Қапаған, Білге қаған жайындағы әңгіме; 5) Күлтегіннің жорықтары.

Бұл тақырыпты оқытуда қарастырып отырған композиция және көркемдеуіш құралдардың (анафора, эпифора, ассонанс, аллитерация, риторикалық сұрақты) мағынасын ашып, оның жалпы атқаратын функциясын және нақты мәтіндегі идеяны ашып беретін функциясын талдау қажет болады. Оқушыларға бұл құралдар кез келген шығарманы талдауға қажет құралдарға айналуы тиіс. Мысалы, риторикалық сұрақтардың халыққа терең ой тастайтын, оларға жігерлік тудыратын үндеу үшін қолданатын, баяндаушының сөзіне экспрессия беретін, оның патриоттық сезімін күшейте көрсететін функциясын аша түсу қажеттігін айтқымыз келеді.

Сонымен қатар, бүгінгі күнде мұғалімдерге қазақстандық педагог ғалымдардың

ұсынып отырған құралдарын да оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігіне оң ықпал жасайтын құралдарды да қарастырып кеткенді жөн көрдік. Мысалы, әдістемеші, пед.ғ.д. К.Н. Булатбаева, лингвист ғалым Г. А. Золотованың ұсынған коммуникативтік регистр ұғымын тіл мен әдебиет сабағында тиімді қолдану жолдарын ұсынған [10, 11].

Бес коммуникативтік регистр – репродуктивтік, ақпараттық, генеритивтік (тұжырымдалық деп атауға болады), волюнтивтік (өкімдік деп атайық), реактивтік (кері байланыстық деп атасақ болады) – әдебиет шығармасын талдағанда оқушыларға ой тастайтын таптырмас әдебиеттанушылық құрал болып саналады. Сонымен қатар, оқушы осы регистрлерді жіктеп, шығармада таба білсе, талдауда баяндаушы образы одан сайын сомдала түсетіні анық болады. Оқушылардың сабаққа деген қызығушылығы арта түседі. Өздерінің де баяндаушының өз еліне деген патриоттық сезімінің жоғары екеніне көздері жетті. Олар төмендегідей кесте жасап, әр регистрге мысалдар келтіре біледі және сол фрагменттегі идеяны толыққанды аша алады. Оқушылардың сабақтарда кіші зерттеулер жүргізуге жол ашылды. Мақала көлемінің шектелуіне қатысты біз тек «Күлтегін жырынан» оқушылар терген біраз үзінділерді мысал ретінде келтірейік (1-кесте)

1-кесте – Баяндаушының сөзіндегі коммуникативтік регистрлер

№	Коммуникативтік регистрлер	Мағынасы	Оқушылар терген мысалдар	Оқушылардың белгілеген коммуникативті регистрлердің идеялық маңыздылығы
1	Репродуктивтік	Баяндаушының өткен-кеткен оқиғаның бас қасында болғанын білдіреді (өзі көрген, өзі естіген, өзі қатысқан)	Ағам екеуіміз Жасыл өзенді Шантун жазығына дейін, Батыстағы қақпаға дейін, Көгмен асып Қырқыз жеріне дейін Әскер жүргіздік. Басын көтергенін Басын жерге тигіздік.	Кейіпкер өз елінің нағыз батыры екені көрінеді. Сонымен қатар, баяндаушы өзінің басынан кешкен оқиғаны баяндағаны оқырманға үлкен әсер беріп тұр. Ғасырлар өтсе де, осы

№	Коммуникативтік регистрлер	Мағынасы	Оқушылар терген мысалдар	Оқушылардың белгілеген коммуникативті регистрлердің идеялық маңыздылығы
			<p>Інінен шыққанын Ініне қайта кіргіздік. Он үш жыл қағыстық, Он үш жыл соғыстық. Кеңдік құрғанды Кеңдігінен айырдық, Елдік құрғанды Елдігінен айырдық. Көкірек керіп келгенді Кейін шегердік, Бастыны жүгіндірдік, Тізеліні шөгердік (https://adebiportal.kz/kz/news/view/kultegin-zyry-erkin-adebi-nusqa__1488).</p>	<p>тарихи тұлға бүгінгі замандастарға патриоттық сезімді орнатады, күшейтеді. Баяндаушының оқиғаға өзінің қатысқаны неғұрлым оқырманға әсерін күшейтіп тұр</p>
2	Информативтік (ақпараттық)	Баяндаушының басқа дереккөздерден алған ақпарат	<p>Сол елдің Айналасы түгел – Бұзылған сеңдей Жапырып кеткісі кеп тұрған; Көшкен селдей Түп-тамырымен қопарып Батырып кеткісі кеп тұрған Дұшпан екен. Күндердің күнінде Жан-жағынан олар Құрсаудай бүріп Қысқан екен. https://adebiportal.kz/kz/news/view/kultegin-zyry-erkin-adebi-nusqa__1488).</p>	<p>Баяндаушы алдындағы тарихи жағдайды көрсетеді. Елдіктің қазығы – бірлік екенін, жан-жақта жау бар екенін ерқашан сезінеміз. Баяндаушы әке-аталарынан естіген оқиғаны «екен» сөз арқылы беріп тұр.</p>
3	Генеритивтік (тұжырымдамалық)	Баяндаушы дауға түспейтін аксиомалық тұжырымдамалар жасайды	<p>Күлтегін болмаса Жаудың қолына түсіп Тезек теріп, Жапа басатын Күң болатын едіңдер, Құлағы кесік Құл болатын едіңдер, Көнбесеңдер Күл болатын едіңдер (https://adebiportal.kz/kz/news/view/kultegin-zyry-erkin-adebi-nusqa__1488).</p>	<p>Аксиомалық ой: ел батырлары, көшбасшылары алып шықпағанда, ел мәңгі құл болатын еді. Әр кезеңде өзінің көшбасшылары бар екендігі, сондай көшбасшыларды тани білу керек екендігі, олардың нұсқауларына құлақ түріп, сондай тұлғалардың қасына жиналуып, шашырамай бірігу керек екендігі дау тудырмайтын ойлар</p>

№	Коммуникативтік регистрлер	Мағынасы	Оқушылар терген мысалдар	Оқушылардың белгілеген коммуникативті регистрлердің идеялық маңыздылығы
4	Волюнтивтік (өкімдік)	Баяндаушының үндеуі, бір іске шақыруы, тоқтау салуы, ұсыныс беруі	Қағанды халық едім ғой. Қағаным қайда? Қаһарлы халық едім ғой. Қаһарым қайда? Жердің Иесі қозғалып, Түрік халқы жоғалмасын деген! Құлдықта қамалмасын деген! Ел болсын деген! Басқа жұрт аса алмайтын Бел болсын деген! Түрік, оғыз бектері! Құлақ тұр! Менің қазір жаным Қанжылап тұр. (https://adebiportal.kz/kz/news/view/kultegin-zyry-erkin-adebi-nusqa__1488).	Баяндаушы үндеу салуда. Бұл қаратпа сөздер мен риторикалық сұрақтар ел көшбасшының елім деп еңіреген даусын білдіреді.
5	Реактивтік (реактивтік)	Баяндаушының эмоциялық реакциясы (тиімді жағдайларға қуануы, тиімсіз істерге қынжылуы, өкінуі және т.с.с.)	Аярлық пен Опасыздықты көргенде – Орай да борай – Қабағына қар жауған! Әділ жарғылары Қара тастарды турап, Қара қылды қақ жарған! Олардың орнына отырған Інілері мен балалары Бастарында Торғайдың миындай ми жоқ Жаман-жәутік екен. Бойлары бір қарыс, Ойлары біртұтам Шәлтік екен. Түрік, оғыз бектері! Құлақ тұр! Менің қазір жаным Қанжылап тұр. (https://adebiportal.kz/kz/news/view/kultegin-zyry-erkin-adebi-nusqa__1488).	Жағымды іске оң позитивті эмоция, жарамсыз жағдайларға (екінші фрагментте ел басшыларының опасыздығына деген баяндаушының реакциясы) күйзелу, елдің дұрыс жолда емес екенін сезгенде жанының қанжылауы – бәрі баяндаушының көзқарасын білдіреді

Осындай кестелерді толтыру барысында сыныптағы әр оқушы ізденіс жұмыстарын жоғары қызығушылықпен атқарды. Оқушының шығарма оқуға ынтасы арта түсті. Сонымен қатар, отансүйгіштік сезімі оқушының тұлғалық құндылығына айналды десек артық емес деп ойлаймыз. Мұғалім бұл жұмыста тек қана бағдар беруші болып қалды. Оқушылар өз бетімен іздене бастайды.

Сонымен қатар, аталған тәсіл әдебиеттің өзге де жанрларын оқытуда тиімді екенін дәлелдеді. Оған мысал ретінде, айтыс жанрын алуға болады. Айтыс жанрын оқытқанда да бұл талқыланып отырған жаңа құралдар тиімділігін танытты. Мысалы, С. Аронұлы «Сүйінбай мен Қатағанның айтысы» тақырыбын талдағанда және XIX ғасырдағы Шөже, Балта, Орынбай, Кемпірбай, Тезекбай, Сүйінбай, Түбек,

Омарқұл, Тәбия, Мұрат, Сүгір, Жаскілең, Бала Омар, Біржан, Сара, т.б. түрлі тақырыпта шығарған айтыс жолдары авторлық ұстанымдарды талдауға жол ашады. Өйткені, айтыскерлердің сөз тартыстарынан өз бастарынан кешірген, білген, көрген, тұжырымдаған, керек жерлерде – өкімдік танытқан мысалдарды көп тауып, ой толғау жұмыстарын өткізуге болады.

Қазтуған жыраудың «Қазтуғанның қонысымен қоштасуы» өлеңін оқыту барысында толғау жанры да өте тиімді материал болып табылады. Күлтегін жырындағы коммуникативтік регистрлермен жұмыс жалғастырылады, өйткені, толғау сипатымен жыр жанрына жақын келеді. Авторлық ұстаным өте анық көрінеді. Оқушылардың құзыреттілігі осы толғау жанрын талдағанда әрі қарай дамиды. Ел тағдыры, күйзелісі осы аталып өткен әдебиеттану құралдарды тану арқылы жақсы игеріледі.

Осы коммуникативтік регистрлер сабақтар циклының аяғында оқушылардың өздерінің эссе шығармаларында көрінісін тауып отырады. Олар да өздерінің авторлық көзқарастарын осы коммуникативтік регистрлер арқылы таныта бастады.

Осы әдебиеттанушылық мысал арқылы шығарманың идеясы, кейіпкерлердің сюжеттегі рөлдері көркемдеуіш құралдардың қызметімен бірге ұштасып, оқушыға өздік әдебиетшілік көзқарас қалыптастыруға жол ашады.

Әдебиеттанушылық құзыреттіліктің кешенді құзыреттілік қалыптасырудағы тиімділігі

Әдебиет пәні сабағында білім алушылардың әдебиет және көркем шығармаларды оқуға деген қызығушылығы мен уәжін ынталандыру арқылы оқушылардың тіл байлығын дамытып, олардың бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастырып, адамгершілікке, шешендік өнерді бағалауға және меңгеруге деген ықыласын тудыратымыз анық. Жалпы қазақ әдебиеті пәні дұрыс оқытылғанда оқушылар төмендегі кешенді құзыреттілікке ие болады:

- білімді терең, саналы ұғынып, қазақ сөз шеберлері (қаламгерлері) мен шығармашылығын тарихи-деректі сипатта баяндауға үйренеді;
- қазақ қаламгерлері жайлы қосымша қызықты мағлұматтар, естеліктер жинауға дағдыланады;
- ғылыми тұрғыда ойлануға жаттығады;
- әдеби туындыларды талдау машығына ие болады;
- саналығы мен шығармашылық белсенділігі артып, шығармашылық іскерлікке бауланады;
- әдеби шығармаларды оқи отырып, адамдардың іс-әрекеті мен мінез-құлқына сын көзбен қарап, жамандықтан жиренеді, жақсылыққа үйренеді;
- әртүрлі құбылыстарды, оқиғаларды, адамдардың пиғыл әрекеттеріндегі ерекшеліктерді байқай білуге және олар жөнінде қорытынды жасай білуге дағдыланады;
- қоршаған орта, өмір туралы көзқарасы қалыптасады;
- басқаның пікірін сыйлауға, құрметтеуге үйренеді;
- эстетикалық талғамы дамиды;
- ұлтжандылыққа, көпшіл болуға, жылы шырайлық танытуға тәрбиеленеді;
- жағымды ынта-жігері қалыптасады;
- философиялық ой толғауға бауланады;
- өзіне жауапкершілік алуға, өзгелерге көмектесуге деген азаматтық ұстанымы қалыптасады;
- көркем шығармаларды оқуға деген қызығушылығы мен ынталылығы артады;

- өздігінен ізденуге, проблемалық жағдаяттан шығуға үйренеді;
- әдеби тілде көркем сөйлеуге, шешендік өнерді меңгеруге дағдыланады;
- сыни тұрғыдан ойлануға дағдыланады;
- кез келген ортада, ұжымда коммуникативті болады;
- өмір бойы оқуға дайын болады;
- шығарманы берілген әдебиеттану ұғымдары мен құралдары арқылы толыққанды, жан-жақты талдай алатын болады.

Қорытынды

Қорытындылай келе, қазақ әдебиеті пәні сабақтарында әртүрлі жанрдағы көркем шығармаларды бес коммуникативтік регистр тәсілі арқылы оқытудан ұтарымыз көп. Осы тәсіл арқылы білім алушылар бойында пәндік құзыреттілік, арнайы құзыреттілік, сонымен қатар коммуникативтік құзыреттілік қалыптасады.

Пәндік құзыреттілік: оқушылар әдебиет пәнінен теориялық білімді меңгеріп қана қоймай, оны практикада қолданып, әдеби шығармалардың жанрлық ерекшеліктерін ажырата алады және әдеби талдау дағдыларына да ие болады. Айталық, жоғары сынып оқушылары өз таным-түсінігі және пайымына қарай көркем шығарманың тақырыбы мен негізгі идеясын, қаламгердің шеберлігін және көркем мәтіннің ішкі құрылымдық жүйесін талдай алатын болады.

Арнайы құзыреттілік: білім алушылардың шығармашылық және сыни ойлауы дамытылады.

Коммуникативтік құзыреттілік: дұрыс сөйлеу – адамның тілдік тұлға ретінде қалыптасуының алғышарты болса, әдеби тілде көркем сөйлеу оның қоғам өміріндегі табысының негізгі шарттарының бірі. Сөйлеу өмірдің барлық саласын қамтиды десек, сөйлеу әрекетінің жақсы дамуы,

әдеби тілде көркем сөйлей білу адамның рухани өсуінің, кемелденуінің, қоғамдық беделінің, бәсекеге қабілеттілігінің кілті болады. Тілдік қарым-қатынаста адамның білімі, өзін-өзі ұстау мәдениеті, тыңдау және сөйлеу мәдениеті мен әдеби шешуші рөл атқарады. Әдебиет рухани дамудың негізгі тірегі дейтін болсақ, тіл мен сөйлеу адамдар қарым-қатынасының басты тірегі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. **Қалқабаяева, С.** Әдебиеттанудың теориялық мәселелері [Мәтін] : оқу құралы. – Алматы : Қазығұрт, 2021. – 284 б.
2. **Жұмақабаяева, Б. Д.** Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. Оқулық. – Алматы: «Қыздар университеті» баспасы, 2015. – 242 б.
3. **Жарылғапов, Ж. Ж., Такиров, С. У.** Әдебиет теориясы [Мәтін] : оқу құралы. – Академик Е. А. Бөкетов атын. Қарағанды ун-ті... – Қарағанды, 2021. – 284 б.
4. **Кәрібозұлы, Б. Ә.** Қоңыратбаев – әдебиетті оқытудың үлкен әдіскері // Ынсап. – Алматы, 2006. – 199-203 б.
5. **Қабдолов, З.** Сөз өнері: Оқулық-монография. Алматы: Өлке, 2014. – 496 б.
6. **Жұмақабаяева, Б. Д., Қамбарова, Ғ. С.** Көркем мәтінді қабылдау мен түсіну – интерпретация қадамдары [Мәтін] // «Білім» ғылыми-педагогикалық журналы. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2023. – №1. – Б. 60-67.
7. **Бітібаева, Қ.** Әдебиетті оқыту әдістемесі [Мәтін]. – Алматы : Рауан, 1997. – 285 б.
8. **Сидоров, С. В.** Система преподавания литературы Е.Н. Ильина [Электронный ресурс] // Сидоров С.В. Сайт педагога-исследователя – URL: <http://si-sv.com/publ/16-1-0-230> (дата обращения: 27.10.2023).
9. **Ақтанова, А. С., Жундибаева, А. Қ.** Қазақ әдебиеті: Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2017. – 37-44 б.
10. **Bulatbayeva, K. N., Kaziyeva, G. S., & Sagimbayeva, G. S.** (2015). Communicative registers as means of expressing author's position in monologue speech. In Proceedings of the 4th International Cyprus International Conference on Educational Research (pp. 61-64). Cyprus, Turkey.

References

1. **Qalqabayeva, S.** Ádebiettanúdyń teorıalyq máseleleri [Theoretical problems of literary studies] [Mátin] : oqú quraly. – Almaty : Qazyǵurt, 2021. – 284 b.

2. **Jumaqaeva, B. D.** Qazaq ádebietin oqytý ádistemesi [Methods of teaching Kazakh literature]. Oqýlyq. – Almaty: «Qyzdar ýniversiteti» baspasy, 2015. – 242 b.
3. **Jarylǵapov, J. J., Takırov, S. Ý.** Ádebiat teoryıasy [Theory of literature] [Mátin] : oqý quraly. – Akademik E. A. Bóketov atyn. Qaraǵandy ýn-ti... – Qaraǵandy, 2021. – 284 b.
4. **Kəribozuly, B. Ə.** Qońyratbaev – ədebietti oqytýdyń úlken ədiskeri [Konyratbayev is a great methodologist of teaching literature] // Ynsap. – Almaty, 2006. – 199-203 b.
5. **Qabdolov, Z.** Sóz óneri: Oqýlyq-monografiya [Art of the word]. Almaty: Ólke, 2014. – 496 b.
6. **Jumaqaeva, B. D., Qambarova, Ğ. S.** Kórkem mátinді qabyldaý men túsiný – interpretatsıya qadamdary [Perception and understanding of a literary text – steps of interpretation] [Mátin] // «Bilim» ǵylymı-pedagogıkalıq jýrnaly. – Astana: Y. Altynsarın atyndaǵy Ulttyq bilim akademııasy, 2023. – №1. – B. 60-67.
7. **Bitibaeva, Q.** Ádebietti oqytý ádistemesi [Methods of teaching literature] [Mátin]. – Almaty : Raýan, 1997. – 285 b.
8. **Sidorov, S. V.** Sistema prepodavanııa literatýry E.N. Ilına [The system of teaching literature by E. N. Ilıyın] [Elektronnyı resýrs] // Sidorov S.V. Sait pedagoga-issledovatelıa – URL: <http://si-sv.com/publ/16-1-0-230> (data obraeniıa: 27.10.2023).
9. **Aqtanova, A. S., Jýndibaeva, A. Q.** Qazaq ádebieti: Jalpy bilim beretin mekteptiń 7-synbyna arnalǵan oqýlyq [Kazakh literature: textbook for the 7th grade of a comprehensive school]. – Almaty: Atamura, 2017. – 37-44 b.
10. **Bulatbayeva, K. N., Kaziyeva, G. S., & Sagimbayeva, G. S.** (2015). Communicative registers as means of expressing author's position in monologue speech. In Proceedings of the 4th International Cyprus International Conference on Educational Research (pp. 61-64). Cyprus, Turkey.

Пути развития комплексной компетенции учащихся на уроках казахской литературы

М. Ж. Бердигулова

Средняя общеобразовательная школа имени Б. Момышулы,
Жетысуская область, Панфиловский район, г. Жаркент



Аннотация. Изучение литературы является одной из актуальных проблем современности, в которой отношения, национальные ценности играют важную роль в обществе. Пробудить интерес к литературе, сформировать и развить желание учащегося читать художественные произведения - проблема для современного учителя. Задача учителя - приобщить к чтению художественного произведения. В статье отражены пути становления нравственных качеств и национальных ценностей обучающихся через чтение художественных произведений и овладение духовным богатством поколений. Сегодня сфера образования наполняется новыми технологиями, новыми методами, поэтому преподавание казахской литературы должно основываться на новых идеях образования. Преподавание литературы должно приобретать новое качество. В качестве примера автор приводит объяснение формирования литературных компетенций и применение на практике новых возможностей. В первую очередь автор обращает внимание на то, что казахская литература должна основываться на теории методистов. Результаты этих работ приводят к повышению качества уроков литературы, привитию учащимся национальных ценностей на основе комплексного анализа, овладению богатством казахского языка, функциями его художественных средств, формированию личностных качеств учащегося через образ исторических личностей. В статье отражены пути развития комплексной компетенции учащихся на уроках литературы с помощью новых инструментов. Коммуникативный регистр на сегодняшний день является средством определения позиции героев произведения. Эти пять регистров на сегодняшний день представлены как средство поисковых работ при чтении литературных произведений (об их методической ценности дана ссылка на научные труды Булатбаевой К.Н.). Учащиеся вначале осваивают значение репродуктивных, информационных, генеративных, волюнтивных, реактивных регистров, находят регистры в художественном тексте и определяют их

роль в раскрытии идеи произведения. По итогам обучения даны некоторые отобранные результаты в виде таблицы. Доказано, что учащиеся приобретают комплексную компетенцию на уроках литературы, повышается их интерес к чтению произведений.



Ключевые слова: преподавание литературы, компетентность, духовно-эстетические, национальные ценности, коммуникативный регистр речи.

Ways of developing comprehensive competence of students in Kazakh Literature lessons

M. J. Berdigulova

Secondary general education school named after B. Momyshuly, Zhetysu, Panfilov district, Zharkent city



Abstract. The study of literature is one of the pressing issues of modernity, where relationships and national values play a crucial role in society. Awakening an interest in literature, forming and developing a student's desire to read fiction is a challenge for the contemporary teacher. The teacher's task is to engage students in reading fictional works. This article reflects on the ways of shaping the moral qualities and national values of students through the reading of fiction and the acquisition of the spiritual wealth of generations. In today's educational landscape, filled with new technologies and methods, the teaching of Kazakh literature should be grounded in innovative educational ideas. The teaching of literature must acquire a new quality. As an example, the author provides an explanation of the formation of literary competencies and the practical application of new possibilities. Primarily, the author emphasizes that Kazakh literature should be based on the theories of methodologists. The results of these works contribute to the improvement of the quality of literature lessons, instilling national values in students based on comprehensive analysis, mastering the richness of the Kazakh language, understanding the functions of its artistic means, and developing students' personal qualities through the portrayal of historical figures. The article outlines the paths of developing comprehensive competence in students during literature lessons using new tools. The communicative register is currently a means of determining the positions of the characters in a work. These five registers are presented as tools for research when reading literary works (for their methodological value, a reference to the works of Bulatbayeva K.N. is provided). Students initially grasp the significance of reproductive, informational, generative, volitional, and reactive registers, identify them in literary texts, and determine their role in revealing the idea of the work. Selected results in the form of a table are provided at the end of the learning process. It is proven that students acquire comprehensive competence in literature lessons, enhancing their interest in reading works.



Keywords: literature teaching, competence, spiritual-aesthetic, national values, communicative register of speech.

Материал баспаға 20.11.2023 келіп түсті.